

## **Карантиндік режимді енгізе отырып, карантиндік аймақты белгілеу туралы**

Қостанай облысы әкімдігінің 2020 жылғы 2 наурыздағы № 87 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 6 наурызда № 9001 болып тіркелді.

"Өсімдіктер карантині туралы" 1999 жылғы 11 ақпандағы Қазақстан Республикасы Заңының 9-1-бабына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес, "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Қостанай облыстық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесінің 2020 жылғы 26 ақпандағы № 2408 ұсынысы негізінде Қостанай облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Қостанай облысының аумағында карантиндік режимді енгізе отырып, карантиндік аймақ белгіленсін.

2. Қостанай облысы әкімдігінің мынадай қаулыларының күші жойылды деп танылсын:

1) "Карантиндік режимді енгізе отырып, карантинді аймақты белгілеу туралы" 2014 жылғы 25 маусымдағы № 286 (2014 жылғы 5 тамызда "Қостанай таңы" газетінде жарияланған, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4952 болып тіркелген);

2) "Әкімдіктің 2014 жылғы 25 маусымдағы № 286 "Карантиндік режимді енгізе отырып, карантинді аймақты белгілеу туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы" 2017 жылғы 17 сәуірдегі № 186 (2017 жылғы 24 мамырда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне жарияланған, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7044 болып тіркелген).

3. "Қостанай облысы әкімдігінің ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулыны ресми жарияланғанынан кейін Қостанай облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қостанай облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Қостанай облысының аумағында карантиндік режим енгізілетін карантиндік аймақ**

**Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Қостанай облысы әкімдігінің 07.02.2022 № 49 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

№	Аудандар мен қаланың атауы	Залалдану алаңы (гектар)	Өңдеу алаңы (гектар)
1	Алтынсарин	48 431	1 117,287
2	Амангелді	9 655	345,652
3	Әуликөл	51 457	137,0962
4	Бейімбет Майлин	25 529	674,138
5	Денисов	68 978	166,903
6	Жангелдин	203	199,2
7	Жігітқара	15 552	34,7324
8	Қамысты	6 617	26,90
9	Қарабалық	13 429	201,6249
10	Қарасу	130 815,2	582,9439
11	Қостанай	38 811	410,8194
12	Меңдіқара	25 042	57,0330
13	Науырзым	24 103,26	730,9610
14	Сарыкөл	43 076,0	91,0300
15	Ұзынкөл	33 356,4	139,3613
16	Федоров	49 579	592,21
17	Арқалық қаласы	64 420	447,7547
Облыс бойынша барлығы		649 053, 86	5 955,6468